

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 3(19) шілде-қыркүйек 2019
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызығыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтті Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокеебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумекоев Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkhitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

УДК 94(574).084.91:321.7

Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚОҒАМ НЕГІЗІН САЛУДАҒЫ РӨЛІ

Әділжанов Н.Б.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты. Нұр-Сұлтан қ.

Аңдатпа. Тәуелсіздігімізді алып, егемендігімізді бекіткеннен кейінгі еліміздің дамуы, оның әлем алдындағы беделінің өсуі Елбасы бастаған қазақ халқының қажырлы еңбегі екені баршамызға аян. Ғасырларға созылған мемлекеттіліктің даму эволюциясында ең ерекше заңды факт, ол Елбасының Қазақстанды халықаралық құқықтың субъектісі ретінде дүние жүзіне танытуы.

Түйін сөздер: Қазақстан, Елбасы, Н.Ә. Назарбаев, Қазақ елі, қазақ мемлекеттілігі, тәуелсіздік, демократияландыру, тұлға, ұлт Көшбасшысы

РОЛЬ Н.А. НАЗАРБАЕВА В ОСНОВАНИИ КАЗАХСТАНСКОГО ДЕМОКРАТИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА

Адилжанов Н.Б.

PhD докторант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. г. Нур-Султан.

Аннотация. Статья посвящена изучению роли Первого Президента Республики Казахстана Н.А. Назарбаева в создании нового независимого государства на постсоветском пространстве. В статье также рассматриваются проблемы и особенности демократизации казахстанского общества. Кроме того, сделан акцент на становления личности Лидера нации в современной суверенной Республике.

Ключевые слова: Казахстан, Президент, Н.А. Назарбаев, казахская государственность, независимость, демократизация, личность, Лидер нации.

THE ROLE OF N.A. NAZARBAYEV IN THE FOUNDATION OF THE KAZAKHSTANI DEMOCRATIC SOCIETY

Adilzhanov N.B.

PhD doctoral student at Eurasian National University. L.N. Gumilyova, in Nur-Sultan.

Abstract. This paper is devoted to the role of the First President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev in formation of the new independent state in the post-Soviet space. In addition, some issues and peculiarities of the Kazakhstani society's democratization were considered in this paper. Also, the formation of personality of Leader of the Nation in the contemporary sovereign Republic was emphasized in this paper.

Keywords: Kazakhstan, President, N.A. Nazarbayev, Kazakh statehood, independence, democratization, personality, Leader of the Nation.

Кіріспе

Әрине тәуелсіздігін қайта жаңғыртқан қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуының алғышарттары да тереңде жатыр. Сол үшін аз да болса өткенімізге көз жүгіртіп, бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның Елбасы, тұңғыш Президенті, ұлт лидері Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы сөз қозғарда, ең алдымен тарихына көз жүгіртіп алсақ. Қазақ хандығының құрылуына дейінгі ұзақ тарихи кезеңде ұлан-байтақ Орталық Азия өңірін мекендеген түркі тілдес ру-тайпалардың ортақ аумақта өмір сүріп, бірте-бірте бірігуі мен дамуы арқылы өз алдына қазақ халқы болып қалыптасу үдерісінің алғышарттары қалыптасты. Ежелгі заманның тарихи деректері бүгінгі қазақ ұлтының арғы тегі сақ, үйсін, ғұн және қаңлы тайпалары екенін көрсетеді. [[1]].

Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев: «Қазақ халқының тарихы, кейбіреулер айтып жүргендей, кешегі қазақ хандығы шаңырақ көтерген XV ғасырдан басталмайды. Хандықтың құрылуы бір басқа, бүгінгі қазақ халқы – сонау есте жоқ ескі замандардан-ақ тұлпарларының тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, үлкен үйдің қара шаңырағын ата жұртта сақтаған халық» [[2], 55-57-бб.], – деуі орынды.

Әдістері

Зерттеу методологиясы жүйелілік, объективтілік, тарихи-салыстырмалылық тәрізді ғылыми таным принциптеріне негізделген. Сондай-ақ соңғы уақыттарда қалыптасқан жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдарды, жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан жазылған еңбектер басшылыққа алынды. Мақаланы жазу барысында «Сталиндік аграрлық реформалар негізінде жүргізілген отырықшыландыру саясаты-қазақ халқының қасіреті» деген методологиялық принципті ұстандық.

Нәтижесі

Ұлт тарихын зерделеуде терең де жан-жақты зерттеулер жүргізіп, кейінгі өскелең ұрпаққа ата тарихы туралы келелі ой-тұжырымдарын, атқарған ауқымды істері мен мағыналы мұрасын қалдырған қазақ зиялы қауымының шоқ жұлдыздай жарық шоғырының тарихын зерттеу, олардың мұрасын зерделеу, қазақ қоғамындағы орны мен рөлін анықтау бүгінгі тарих ғылымындағы жаңа сала тұлғатану тереңнен қарастырады. Өйткені үнемі үрдістік дамуға ұмтылып отыратын қоғамның тынысына өздерінің ой-интеллектісімен, нақтылы тұжырымдарымен ықпал ететін, сондай-ақ оның алар бағытына да әсер ете алатын негізгі күш – зиялылар қауымы мен саяси элита. Сондықтан да олардың тарихын зерттеу, олардың ғылым мен қоғамдағы алар орны мен қосқан үлесін саралай отырып зерделеу, тағылымдық жақтарын ашып көрсету, бағалау маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тұлға ретінде танылуы өзі өскен орта, отбасы, оқыған мектебі, Днепродзержинск техникалық училищесі қабырғасында білім алған жылдар, Қазақстан Магниткасындағы еңбек жолы, партия-комсомол ұйымдарындағы жауапты қызметтері, ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағалығы секілді өмір баспалдақтарының арнасында өзіндік «менін» қалыптастыра алуы арқылы шындалды.

Өткен XX ғасырдың 90-шы жылдарында қоғамдық өмірдегі орын алған алмасулар: КСРО-ның ыдырауы, сол кеңістікте орын алған ұлтаралық жанжалдар, экономикалық күйзеліс, қоғамдық дамудағы дағдарыс пен қаржылық тапшылық тарихи сахнада жаңа басшының шығуына алғышарттар дайындады. Міне осындай сындарлы сағаттарда қазақ халқының тағдырына үлкен жауапкершілікпен, білімділікпен, саяси көрегендікті мәмілегерлікпен тиімді ұштастыра алған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тарих сахнасына шықты.

1990 ж. 24 сәуіріндегі Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының XII шақырылған Жоғарғы Кеңесінің I сессиясында Президент болып тағайындалған Н.Ә. Назарбаев екі онжылдықтан астам аралықта елімізді басқарып, республикада тұрақтылық пен бейбітшілікті, халықтар теңдігін сақтай отырып бәсекелестікке қабілетті мемлекеттермен қатар әлемдік деңгейдегі биіктіктерге алып шықты. Еліміздегі жаңа билік институты – Президенттік институтын енгізуге «Президент қызметін бекіту және ҚазКСР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚазКСР-нің Заңы құқықтық негіз болды [[3]].

1991 ж. 1 желтоқсанда қазақстандықтар өздерінің Тұңғыш Президентін сайлап, сенім артты, ел тәуелсіздігін аманат етті, жауапкершілік жүгін арқалатты, халық өздері таңдаған Көшбасшысының не істеу керектігін білетіндігіне, елді адастырмайтынына, тура жолға бастайтынына сенді. Еліміз бен халқымыздың сол сенімін Елбасының толық ақтап отырғандығына да осы күндері көзіміз анық жетіп отыр.

Осы Президент сайлауының нәтижесінде сайлаушылардың 97,78 пайыз дауысына ие болып, айқын жеңіске жетті. Ұлт тарихының бір парағына алтын алтын әріптермен жазылған 10 желтоқсандағы Ант беру рәсімінен кейін тебірене сөйлеген Елбасы Н. Назарбаев: «Тарихтың талай бұралаң белесінен өтіп, бұл күнге де жетіп отырмыз. Бәрін де көрген халықпыз, бәріне көнген халықпыз. Ежелден еркіндікті аңсап, азаттықты көксеп келе жатқан еліміздің басына талай рет бақ та орнап, бағы да тайып, сағы да сынған, қилы кезең, зар заманға да талай ұшыраған. Айқайлап жүріп, ашаршылыққа ұрынып, ұрандап жүріп ұлт мүддесін ұмытқанымыз да ақиқат. Шүкір, кештеу болса да ес жиып, еңсе көтеріп, егеменді елдің туын да тіге бастадық. Қазақ Республикасының Президентін бүкіл халық сайлағаны – осы жолдағы ең биік белестің бірі. Елім үшін, халқым үшін, Қазақстаным үшін тарихтың қай сынағына да тәуекел деп бас тігуге дайынмын. Бұл жолда ең алдымен дана халқыма, дарқан еліме, ата-бабамның аруағына сүйенемін» [[4]], – деп тебірене ағынан жарылды.

Президентке бүкіл халық атынан өкілдік берілгеннен кейін 1991 ж. 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заң» қабылданғаннан бастап Тәуелсіз мемлекет құру - еліміздің тар жол, тайғақ кешулі қасиетті сапары, азаттықтың арпалысқа толы ақ жолы басталып еді. Сонау 90-шы жылдары тәуелсіздігін жарияланғандығын тойлау мақсатында Алматыдағы Орталық алаңға жиналған халықтың алдында сөйлеген сөзінде Президент Н.Ә. Назарбаев бүгінгі және болашақтағы даму үшін қажетті ұлттық идеяның құрамдас бөліктері мен дүниеге келген жаңа мемлекет – Қазақ елі туралы тебірене сөйлеген еді. Өз сөзінде: «Ел» - байырғы түркі заманынан бері бар ұғым-түсінік, халық, Отан Атамекен дегенді білдіреді. Басты мағынасы мемлекеттің бар-жоғына келіп тіреледі. «Дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы еді. Міне, енді сол күнге де жеттік» [[5]], - деді.

Егер осы ойдың атарына тереңірек үңілер болсақ, онда мынандай пайымдауды ұғынар едік: «Президент пайымынан ұлтты идеяға қатысты екі ой-түйін туындар тұр. Бірі – ұлттық идея өзін-өзі таныған ұлт барда ғана дүниеге келетіні. Өзін-өзі тану тарих толқынында шыңдалған ұлттардың ғана пешенесіне жазылған. Ұлттық «Менің» асқар шыңы – ұлттық мемлекет құру, ұлттық мемлекет – ұлттық «Менің қамал қорғаны. Екіншісі – ұлттық идеяның мазмұны мен өзегін, бүгінді кемел келешекпен жалғастыратын өміршең де қисынды арман құрайтыны» [[6], 234-б.]. Міне, өздеріңіз байқап отырғандай Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың алғашқы күннен алға тартқан келелі ойы, болашақ бағдары – басты жетістігіміз тәуелсіздіктің табалдырығында тұрғандығымыз және осы жолдағы ұлттық идеяны анықтаудың маңыздылығы мен оны іске асыру болды. Сондықтан да әрбір қазақстандық азамат үшін Тәуелсіздік өткеннің қарызы мен парызын атқаруға есік ашуымен ғана қымбат емес, әлемдік өркениеттің биік төрінен орын алу үшін барлық мүмкіндіктерді арттыратын ұлттық мүдде, ұлттық рух, ұлттық идеясымен де қымбат.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 10 желтоқсандағы мәжілісінде ҚазКСР Президенті болып тағайындалуына байланысты сөйлеген сөзінде Қазақстан дамуының бағытын «Қазақстан халқы өзінің таңдауын жасады - өркениетті демократиялық қоғам құру» [[7]],- деп анықтауында терең мән жатыр.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарындағы ескі кеңестік жүйенің күйреуінен кейін қалыптасқан жаңа қоғамды – зайырлы да демократиялық даму жолын таңдаған Қазақстанды жаңа бағытта аса күрделі кешегінің кертартпасынан өтіп, бүгінгінің босағасын бекітіп, келешектің жолындағы жауапкершілігі мол жүгін халықпен ақылдаса отырып алға бастап келеді. Халық та Елбасына алғашқы күннен қолдау танытып, сенім артты. Дегенменен осынау халық таңдауына түскен сындарлы сағаттарда Президент қандай болуы керек деген сауал бүкіл қазақстандықтардың көкейінде тұрды. Ендеше сол сауалға жауапты тарихшы ғалымдардың тұжырымдарынан іздеп көрелік:

«Ел көсемі, ел перзенті кім? Ұлт перзенті - ұлттық идеяның ту ұстары, ұлттық мүдденің пірі де құлы, ол құдай берген тірлігі мен ірілігінің, өмір бойы жинаған асыл қасиеттерінің арқасында, ұлттық стратегиялық мақсатын ғылыми-рухани биіктіктен көріп, ұлт тынысын күре тамырынан басып, болжай білетін көреген көсем, ұлт мұңын айтпай біліп, толғайтын шешен, халық жүгін өз еркімен арқалаған бейнетқор жан.

Ұлт перзенті болу үшін:

1. Пенденің жеке басының мүддесі ұлт мүддесімен қабысуы керек;
2. Жеке басының пендешілігінен ел қамын жеген Едігешілігі басым болып, халықпен табысуы керек;
3. Жүрексіну, қобалжу, қорқыныш сияқты пенделерге тән өзін-өзі сақтау сезімдерін ақылға жеңгізіп, тәуекелдің қайығына мініп, Отан үшін, ел үшін жан аямай шабысу керек.

Ер-азаматтың тарланы ұлт перзентіне айналар сәті заманға байланысты. Замана ерді болат семсердей отқа да, суға да салады, шыңдайды, сынайды. Күндердің күнінде көп ішінен көлбең етіп шыққан ер шыңға шығады, ұлт тағдырының бағдарын ұғады. Халық көсемі елді бірлікке, ұлдарын ерлікке бастады, халықтың қаһарлы күшін бір арнаға құйды, үш жүздің біртұтастығын шыңдады, қарулы жасағының бірлігін Отан мүддесіне, ұлт мүддесіне, тәуелсіздікті сақтауға, ел аманатын ақтауға, ата қоныс, атамекен кіндік жұртты - Отанды іргелі ел етуге бар болмысын арнады. Ұлт көсемі ұлтпен біте қайнасқан алыр тұлғаға айналды. Міне, осындай халық көсемінің бір бейнесі Абылайдан көрінеді.

Тарих ел көсемі дәрежесіне көтерілу үшін ер талай сыннан өтетінін көрсетті. Мұндай ер ұлт шеңберінің аясында шектеліп қалмайды, халықаралық тұғырға қонады», - дей келе, ойын жалғастырған академик М. Қозыбаев: «Елбасы - саясаткер, қайраткер жан болуы керек. Үміткердің тіл білуі, оның ішінде ана тілі, шет тілдерін білуі жақсы. Меніңше ең бастысы: болашақ Елбасы ұлттың жанын білуі керек, еңбек адамының мүддесін білуі керек. Адами қасиеттері - қайырымдылығы, кішіпейілділігі, қанағатшылдығы, адалдығы, тазалығы, бір сөзбен айтсақ парасатты болуы шарт.

Ия, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсын сөзімен айтсақ, Елбасы жақсылықтың, адамгершіліктің диханшысы болуы абзал.

Қазақ елін басқару оңай емес. Тарихы қалыптасқан ғасырлық қарым-қатынас, экономикалық мәдени байланыс, демографиялық даму өзгешеліктері, республиканың геосаяси жағдайы, бодандық халық психологиясы, даналық қыр баласының менталитеті басқару ісіне асқан жауапкершілік жүктейді[[8]],- деп жазған.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевты халқы қолдау танытып отырғандығына елімізде әлденеше рет өткен сайлау барысында, алғашқыда 1991 ж. 1 желтоқсанда өткен бірінші бүкілхалықтық сайлау барысында 98,7 пайыздық, кейін Президенттің өкілеттілігін

2000 ж. дейін ұзарту жөніндегі 1995 ж. 29 сәуірдегі бүкілхалықтық референдумда, 1999 ж. 10 қаңтардағы жалпыхалықтық сайлауда 79,8 пайыз, 2005 ж. 4 желтоқсанда 91,5 пайыздық дауысқа ие болса, 2011 ж. 3 сәуірде кезектен тыс өткен сайлауда да республика жұртшылығы оған шексіз сенім арттыратындығын 95,55 пайыздық дауыспен ашық білдірді.

Сайлауда халықтың қолдауына толық ие болған Н.Ә. Назарбаевтың тұлғалық қасиеттерінің басшылық қызметімен үйлесімділігі, яғни халық оны реформатор, Қазақстанды жаһандық даму көшінен қалдырмай алға сүйреп келе жатқан басшы, халықаралық қауымдастықта елдің де, өзінің де беделін жоғары көтеріп отырған Елбасы ретінде қабылдауында жатыр. Өз еңбегінде көрсеткендей «Шынайы саясатшының бойында кемінде үш қасиеттің белгілері болуы шарт: теориялық дайындығы, экономикалық тәжірибесінің болуы, қабылданған шешімдер үшін жауапкершілігі» болуы Президенттің халық сүйіспеншілігіне бөленуінің терең астары осында жатса керек [[9], 134-б].

Отандық тарихи кезеңнің ерекшеліктерін талдағанда біз көбіне қоғамның экономикалық, әлеуметтік құрылымы мен рухани өміріндегі түбегейлі өзгерістерді, оларға әкелген алғышарттарды талдап, сараптаймыз да, оны ұйымдастырушы, оған басшылық жасаушы элиталық топтың немесе жеке тұлғаның осы жолдағы бастамалық рөлі, қызметі, қол жеткізген табыстары мен жіберген кемшіліктері туралы үндемей өтеміз. Негізінде осылай бағалауымыз дұрыс емес, себебі, кез-келген қоғамдағы даму, мемлекеттік мәселесі, оның ішкі және сыртқы саясатының шешілуі сол басқарушы тұлғаның қызметіне және ол қызмет еткен тарихи кезеңнің басты өлшемі болып табылатындығы тарихи шындық және сабақ.

Пікірімізді дәлелдей түсу үшін белгілі тарихшы М. Қойгелдиевтің тұжырымдамасына жүгінейік: «осы тұрғыдан алғанда мемлекет басшысы Н.Ә Назарбаевтың, оның соңына ерген саяси басқарушы топтың жаңа сападағы мемлекет құру қызметі қазақ тарихының бұдан бұрынғы кезеңдерінің ешқайсысымен де салыстыруға келмейді. Өйткені жәнібек пен Керей сұлтандардың (XVII ғ.), Қасым хан (XVI ғ.) мен Тәуке ханның (XVII-XVIII ғғ.), Абылай ханның (XVIII ғ.) тұсындағы хандық мемлекеттік құрылымдардың қазақ ұлты мен оның территориясының, мәденеті мен ұлттық санасының қалыптасу процесінде үлкен рөл атқарғандығын айта отырып, сонымен бірге ол билік жүйелерінің қазақ қоғамының үдемелі экономикалық дамуын, территориялық тұтастығы мен саяси тәуелсіздігін қамтамасыз ете алмағандығын, соның нәтижесінде Қазақстанның екі жарым ғасырдан артық мерзім отарлық кіріптарлыққа ұшырағандығын мойындауға тура келеді» [[10], 27-б.],- деп бүгінгі Елбасының жетістігі мен ел басқарудағы айырмашылығының жігін ашып көрсетеді.

Сондай-ақ М. Қойгелдиевтің пайымдауынша тәуелсіз мемлекеттілікті баянды ету жолында «Н.Ә. Назарбаев бастаған ұлттық саяси элитаның бүгінгі мемлекеттік құру қызметі ... Он жылдан сәл ғана артық мезгілде:

1. Тәуелсіз, әлемдік қауымдастық ресми түрде мойындаған қазақ мемлекеттілігі өмірге келді. 2. Оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құрылған қарулы күштері, ұлттық ақшасы мен ұлттық банкі бар. 3. Елдің нарықтық қатынастарға негізделген, жылына 9-12 пайыз өсу жолында тұрған, тұрақтанған экономикасы бар. 4. Қазақ жерінде демократиялық принциптерге сүйенген мемлекеттік басқару жүйесі қалыптасып келеді. Қабылданған Конституция (1995 ж.) азаматтардың негізгі құқықтарын қамтамасыз етеді. 5. Қазақстан – көрші елдермен шекаралық қатынасын анықтап, өз ішіндегі түрлі ұлт өкілдері арасында өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа қол жеткізген ел» [12, 28-б.].

